

Бақылау
ҚРҰБ БҚ № 2 2024ж.22.01
ҚРҰБ БҚ № 55 2024ж.23.09
ҚРҰБ БҚ № 62 2025ж.21.10

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2023 жылғы 23 қазандағы
№ 82 қаулысына
1-қосымша

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы (бұдан әрі – Инвестициялық декларация) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 36-бабына және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 23-7) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Инвестициялық декларацияда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен, сондай-ақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері (бұдан әрі – зейнетақы активтері) үшін инвестициялау мақсаттары, стратегиясы, инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде зейнетақы активтерін басқарушының инвестициялық пайымдауы, инвестициялау объектілерінің тізбесі, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулері, зейнетақы активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттары айқындалады.

3. Зейнетақы активтерін инвестициялау мақсаты – зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз ету және зейнетақы активтері құнының ықтималдықтың жоғары деңгейімен сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекелдің деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада нақты кірістілік алу.

4. Инвестициялық декларацияның ережелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) жылына бір реттен сиретпей қарастырады.

2-тарау. Негізгі ұғымдар

5. Инвестициялық декларацияның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) активтерді активті басқару – портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуының өзгергіштік мәні 2 (екі) пайыз асатын басқару түрі;

2) активтерді пассивті басқару – портфель кірістілігінің ауытқуы өзгеруінің (tracking error) мәні эталондық портфельдің кірістілігінен 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыздан аспайтын басқару түрі;

3) активтер кепілге салынған бағалы қағаздар (Asset Backed Security) – қарыздар пулымен және (немесе) басқа активтермен қамтамасыз етілген, олар бойынша ақша ағынына эмитент кепілдік берген борыштық бағалы қағаздар;

3-1) активтерді жетілдірілген индекстік басқару – портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуының өзгергіштік мәні (tracking error) 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайыздан бастап қоса алғанда 2 (екі) пайызды құрайтын басқару түрі. Жетілдірілген индекстік басқару кезінде эталондық портфельдің негізгі көрсеткіштерінен бірқалыпты ауытқу болжанады;

3-2) ақша нарығының қоры – негізгі мақсаты жоғары өтімділікті, капиталдың сақталуын және негізінен өтімділігі жоғары және тәуекелі төмен қысқа мерзімді қаржы құралдарына инвестициялар есебінен кіріс алуды қамтамасыз ету болып табылатын инвестициялық қор;

4) ақша нарығының құралдары – қалған өтеу мерзімі 1 (бір) жылдан аспайтын қаржы құралдары;

5) әртараптандыру – тәуекелдерді төмендету мақсатында зейнетақы активтерінің инвестицияларын түрлі активтерге бөлу;

6) базалық валюта – зейнетақы активтерінің кірістілігін бағалау үшін пайдаланылатын валюта;

6-1) дербес басқару – эталондық портфельге қарсы зейнетақы активтерін басқарушы басқаратын зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқару;

7) есепті тоқсан – айлармен есептелетін уақыт кезеңі, оған айлармен есептелетін мерзімдердің қағидалары қолданылады. Бұл ретте тоқсан үш айға тең деп есептеледі, ал тоқсандар жыл басынан бастап есептеледі;

8) жылжымайтын мүлік кепілге салынған бағалы қағаздар (Mortgage Backed Security) – ипотекалық қарыздар немесе ипотекалық қарыздардың пулымен қамтамасыз етілген, олар бойынша ақша ағынына эмитент кепілдік берген борыштық бағалы қағаздар;

9) зейнетақы активтерін басқарушы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық операциялар бөлімшесі;

10) исламдық қаржыландыру құралдары – шығару талаптары исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін, материалдық активтерге бөлінбейтін үлестерді иелену құқығын және (немесе) активтерді және (немесе) оларды пайдаланудан түскен кірістерді, қаржыландыру үшін осы бағалы қағаздар шығарылған нақты жобалардың қызметтері мен активтерін иелену құқығын куәландыратын бағалы қағаздар;

11) кірістілік ауытқуы өзгеруінің күтілетін мәні ex-ante tracking error – портфель кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқудың өзгеруін көрсететін, эталондық портфельге қатысты портфельдің нарықтық тәуекелінің негізгі көрсеткіші;

12) күнтізбелік жыл – 1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығындағы уақыт кезеңі;

13) құрылымдық өнімдер – инвестордың нақты қажеттілігін қанағаттандыратын түрлі қаржы құралдарын біріктіретін активтер мен міндеттемелер комбинациясы;

14) лимиттеу – тәуекелдер мөлшеріне шектеулерді белгілеу және кейіннен олардың орындалуын бақылау;

15) Stop loss – трейдер залалын шектейтін мәмілелерді жабуға арналған ордердің (бұйрықтың) түрі;

15-1) сыртқы басқару – сыртқы басқарушының инвестициялық басқаруына берілген зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқару;

16) Take profit – трейдер пайдасын белгілейтін мәмілелерді жабуға арналған ордердің (бұйрықтың) түрі;

17) транзиттік кезең – Инвестициялық декларацияда белгіленген параметрлерге сәйкес келтіру мақсатында қосалқы портфельге қолданылатын уақыт кезеңі;

18) түрлендірілген дюрация (бұдан әрі – дюрация) – пайыздық мөлшерлемелер өзгерген жағдайда бағалы қағаз (портфель) құнының қаншалықты өзгергендігін көрсететін пайыздық тәуекел көрсеткіші;

19) халықаралық қаржы ұйымдары – халықаралық қаржы саласындағы мемлекетаралық (халықаралық) келісімдер негізінде құрылатын халықаралық қаржы ұйымдары, оның қатысушылары мемлекеттер мен мемлекеттік емес институттар бола алады;

20) эталондық портфель – инвестордың стратегиялық мүдделерін көрсететін бағалы қағаздар, құралдар жиынтығы. Эталондық портфельдің кірістілігі зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін бағалау кезінде өлшем болады. Әлемдік жетекші қаржы компаниялары не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әзірлеген және қадағалайтын индекстер эталондық портфель ретінде пайдаланылады.

6. Инвестициялық декларацияның мақсаттары үшін Standard & Poor's, Moody's Investors Service және Fitch халықаралық рейтингтік агенттіктерінің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік агенттіктерінің (бұдан әрі – халықаралық рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары пайдаланылады.

Борыштық қаржы құралында бірнеше халықаралық рейтингтік агенттіктерден рейтингтік бағалары болған кезде, барынша төмен рейтингтік баға есепке алынады.

Борыштық қаржы құралында рейтинг болмаған кезде борыштық қаржы құралының дәрежесіне сәйкес келетін халықаралық рейтингтік агенттіктерден эмитенттің рейтингтері пайдаланылады. Эмитентте бірнеше халықаралық

рейтингтік агенттіктерден борыштық қаржы құралы дәрежесіне сәйкес келетін рейтингтік бағалар болған кезде, барынша төмен рейтингтік баға есепке алынады.

3-тарау. Зейнетақы активтерін басқарушының инвестициялық сенімдері

7. Зейнетақы активтерін басқарушының инвестициялық сенімдері зейнетақы активтерін басқарушының инвестициялық шешім қабылдау кезінде пайымдауларды қолдануының жалпы ережелерін анықтайды.

8. Зейнетақы активтерін басқарушы мынадай инвестициялық сенімдерді басшылыққа алады:

1) инвестициялық шешімдер бір жағынан, соңғы бенефициар ретінде салымшылардың мүдделерін, ал екінші жағынан, зейнетақы активтерінің сақталуының кепілі ретінде мемлекет мүдделерін ескеруі тиіс;

2) ұзақ мерзімді перспективада қажетті кірістілікті қамтамасыз ету үшін инвестициялық басқару процесі Инвестициялық декларацияның 10-тармағында көрсетілген басқару кезеңдеріне сәйкес келеді;

3) ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету кірістіліктің қысқа мерзімді ауытқуын көздейді;

4) инвестициялық мақсаттарға қол жеткізу үшін тәуекелдердің негізгі факторларын сәйкестендіретін, оларды бағалайтын және зейнетақы активтері портфелінің және басқару процестерінің осы факторлар ықпалына шалдығу деңгейін қолайлы деңгейде бақылайтын тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі инвестициялық процесті қолдауға тиіс;

5) портфельді активтердің сыныптары бойынша стратегиялық бөлу инвестициялық мақсаттарға сәйкес болуы тиіс, бұл ретте жергілікті бағалы қағаздар нарығының даму деңгейі ұлттық валютада номинирленген активтер портфелін стратегиялық бөлуді толығымен қалыптастыруға мүмкіндік бермейді;

6) инвестициялық шешімдер қабылдау салымшылардың ұзақ мерзімді мүдделері сақталған жағдайда, олардың елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығына жалпы әсерін ескере отырып жүзеге асырылады;

7) зейнетақы активтерін шетелдік нарықтарда инвестициялаудан түсетін пайда валюталық тәуекелдердің қабылдануын негіздейді;

8) активтердің әрбір сыныбы ішінде портфельді әртараптандыру құрамы мүмкіндігінше эталондық портфельге жақын портфельді құру арқылы жүзеге асырылады;

9) зейнетақы активтерінің нақты кірісін қамтамасыз ету тәуекелдерді қабылдауды көздейді. Бұл ретте жекелеген кезеңдердегі инвестициялық шығын басқа кезеңдердегі кірістілікпен өтеледі;

10) инвестициялық құралдарды таңдау олардың портфель кірістілігі мен тәуекеліне қатысты күтілетін салымына негізделеді;

11) бағалы қағаздарды таңдаған кезде басқа да тең жағдайларда неғұрлым тұрақты қаржылық және іргелі көрсеткіштері бар эмитенттерге артықшылық беріледі;

12) инвестициялық орта инвестициялау тәсілдерін, стратегияларын және құралдарын тұрақты бағалауды және оларды қайта қарауды талап етеді.

4-тарау. Инвестициялық процесс

9. Инвестициялық процесс мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) жүйелілік – нақты тұжырымдалған инвестициялық мақсаттар, инвестициялау стратегиясының инвестициялық мақсаттарға және тәуекелдерге төзімділікке сәйкестігі, тиімділік көрсеткіштерінің инвестициялық мақсаттарға сәйкестігі;

2) тиімділік – тиімділіктің нақты тұжырымдалған көрсеткіштері және нәтижелер өлшенетін мерзім, зейнетақы активтерін басқарушылардың жауапкершілігін және олардың нәтижелерге қатысты есеп беруін шектеу;

3) үздіксіздік – инвестициялау стратегиясын жүйелі түрде және үздіксіз іске асыру;

4) мұқият талдау – барлық қолжетімді және іске қатысты фактілер мен ақпаратты мұқият қарастыруға негізделген инвестициялық шешімдер;

5) айқындылық – қызмет нәтижелерін, зейнетақы активтері портфелінің негізгі көрсеткіштерін және инвестициялық басқару жөніндегі басқа да қажетті ақпаратты тұрақты түрде ашу және жариялау.

10. Зейнетақы активтерін басқарудың инвестициялық процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары бойынша және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Қазақстан Республикасының Үкіметі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін анықтайды;

2) Басқарма зейнетақы активтерін инвестициялау мақсаттарына жауап беретін зейнетақы активтерін стратегиялық бөлуді бекітеді, сондай-ақ зейнетақы активтерін экономикалық даму бағдарламалары шеңберінде инвестициялау туралы шешімдер қабылдайды;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық комитеті (бұдан әрі – Комитет) зейнетақы активтерін шетел валютасында тактикалық бөлу бөлігінде шешімдер қабылдайды, сондай-ақ Басқарманың тиісті шешімдері қабылданған зейнетақы активтерін инвестициялау туралы, сондай-ақ осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген шешімдерді қоспағанда, бағалы қағаздарды сатып алу және (немесе) сату,

валюталарды конвертациялау, қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу, активтерді сыртқы басқаруға беру жөніндегі шешімдерді қарайды және қабылдайды;

4) зейнетақы активтерін басқарушы Инвестициялық декларацияда бекітілген параметрлерге сәйкес портфельдерге қаржы құралдарын іріктейді және оларға инвестициялар жасайды, Комитетке қаржы құралдарын сатып алу және (немесе) сату бойынша ұсынымдар жасайды, Комитеттің шешімдерін орындайды, Инвестициялық декларацияның 30-тармағында көзделген шешімдерді қоса алғанда, эталондық портфельдерге қарсы басқарылатын шетел валютасындағы зейнетақы активтері бойынша шешімдер қабылдайды. ұйымдасқан нарықта валюталық своптар жасау, ақша нарығының құралдарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына инвестициялау жөнінде шешімдер қабылдайды, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару шеңберінде басқа да операцияларды жүзеге асырады.

Нарық конъюнктурасы өзгерген және (немесе) Комитет шешімдерін белгіленген параметрлерге сәйкес орындау мүмкін болмаған жағдайда Комитет шешімдерінің орындалмауына жол беріледі. Зейнетақы активтерін басқарушы тоқсанына бір реттен сиретпей есепті кезеңде мерзімі өткен Комитеттің орындалмаған шешімдері болған кезде Комитеттің осы шешімдерінің орындалмау себептері туралы жиынтық ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі Комитеттің бірінші отырысына ұсынады.

11. Зейнетақы активтерін сыртқы басқаруға беру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау және активтерді сыртқы басқаруға беру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Тәуекелдерді басқару саласындағы саясат

12. Қаржы құралдарына инвестицияланған зейнетақы активтері мынадай негізгі инвестициялық тәуекелдерге ұшырайды:

1) кредиттік тәуекел – эмитенттің және (немесе) контрәріптестің өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіздігі немесе орындағысы келмеуі салдарынан инвестицияның ішінара немесе толықтай жоғалу тәуекелі;

2) валюталық тәуекел – шетелдік валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты зиянның туындау тәуекелі;

3) баға тәуекелі – бағалы металдар, бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары бағасының өзгеруіне байланысты зиянның туындау тәуекелі;

4) пайыздық тәуекел – борыштық қаржы құралдары бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты зиянның туындау тәуекелі;

5) өтімділік тәуекелі – қысқа мерзімде бағалы қағазға оның құнына елеулі әсер етпестен сату мүмкіндігінің болмауына байланысты зиянның туындау

тәуекелі.

13. Инвестициялық декларацияның 12-тармағында көрсетілген инвестициялық тәуекелдерді басқару үшін лимиттеу, хеджирлеу және әртараптандыру әдістері қолданылады.

14. Зейнетақы активтерін инвестициялау кезінде ықтимал зиянды азайту Инвестициялық декларацияның 12-тармағында көрсетілген инвестициялық тәуекелдерді басқарудың мақсаты болып табылады.

15. Инвестициялық декларацияның 12-тармағында көрсетілген инвестициялық тәуекелдерді басқару барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тәуекелдер жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Тәуекелдер жөніндегі комитет) ұсынымдары ескеріледі.

16. Зейнетақы активтерін басқарушы Ұлттық Банктің тәуекелдер және комплаенс бөлімшесіне:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей Инвестициялық декларацияда белгіленген талаптар мен шектеулердің сақталуы туралы есепті;

2) анықталуына қарай – Инвестициялық декларацияда белгіленген талаптарды және (немесе) шектеулерді бұзу фактілері мен себептері туралы ақпаратты;

3) орындалуына қарай – Инвестициялық декларацияда белгіленген талаптардың және (немесе) шектеулердің туындаған бұзушылықтарын жою туралы ақпаратты ұсынады.

6-тарау. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін басқарудың жалпы стратегиясы

17. Зейнетақы активтері ұлттық валютада номинирленген қаржы құралдарының портфелінен (бұдан әрі – ұлттық валютадағы портфель) және шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарының портфелінен (бұдан әрі – шетел валютасындағы портфель) тұрады.

18. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына қойылатын талаптар және олар бойынша лимиттер Инвестициялық декларацияға 1-қосымшаның 1-кестесінде айқындалған.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына қойылатын талаптар және олар бойынша лимиттер Басқарманың тиісті шешімдері қабылданған зейнетақы активтерін инвестициялауға қолданылмайды.

19. Шетел валютасындағы портфельдің үлесі зейнетақы активтерінің 50 (елу) пайызынан аспайды, бұл ретте:

1) АҚШ доллары мен еуроға зейнетақы активтерінің 50 (елу) пайызынан аспайды;

2) басқа шетел валюталарында зейнетақы активтерінің 10 (он) пайызынан аспайды.

20. Шетел валютасындағы портфель үлесі әрбір есепті тоқсанның соңындағы зейнетақы активтерінің кемінде 30 (отыз) пайызын құрайды.

Шетел валютасындағы портфель үлесі осы тармақта белгіленген параметрлерге сәйкес келмеген жағдайда көрсетілген сәйкессіздік бұзушылық туындаған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімде жойылады.

21. Қазақстан теңгесі зейнетақы активтерінің бүкіл портфелінің кірістілігін бағалау үшін базалық валюта болып табылады.

22. Жекелеген активтердің кірістілігі зейнетақы активтерін басқару тиімділігінің көрсеткіші болып табылмайды.

Тәуекелдерді азайту және күтілетін кірістілікті жақсарту үшін иелік ету кезеңінде теріс кірістілігі бар зейнетақы активтерін сатуға рұқсат беріледі.

Инвестициялар олардың толық кірістілігі бойынша бағаланады, яғни кірістің барлық құрауыштарының сомасы бойынша: сыйақы, бағаның өзгеруі, валюталық қайта бағалау және басқа да құрауыштар.

23. Зейнетақы активтерін инвестициялау қаржы құралдарымен мынадай операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады:

1) зейнетақы активтерінің 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшерде бағалы қағаздармен репо операциялары;

2) «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша бағалы қағаздарды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар;

3) валюта айырбастауға байланысты операциялар;

4) банктерде депозиттерді орналастыру операциялары;

5) алтынды сатып алу және (немесе) сату операциялары;

6) туынды қаржы құралдарымен операциялар, оның ішінде базалық активі валюта, алтын және инвестициялауға рұқсат етілген бағалы қағаздар болып табылатын форвардтар, опциондар, своптар, фьючерстер.

24. Өтеу мерзімі 15 (он бес) жылдан асатын борыштық қаржы құралдарына салынған инвестициялардың жалпы үлесі зейнетақы активтерінің 40 (қырық) пайызынан аспауға тиіс.

25. Зейнетақы активтерін үлестік қаржы құралдарына инвестициялау мынадай талаптар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының резидент-эмитенттерінің үлестік бағалы қағаздарына инвестициялау – Қазақстан Республикасының қор биржасында және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында және (немесе) нарықтық капиталдандырылуы 3 000 000 000 000 (үш) триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листинг бар болғанда;;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттерінің үлестік бағалы қағаздарына инвестициялау – Инвестициялық декларацияның 8-тарауының 6-параграфында көрсетілген эталондық портфельге қарсы басқарылатын зейнетақы активтерін қоспағанда, кемінде 10 000 000 000 (он)

миллиард АҚШ доллары мөлшерінде нарықтық капиталдандыру деңгейі бар болғанда.

Осы тармақтың талаптары Басқарманың тиісті шешімдері қабылданған зейнетақы активтерін инвестициялауға қолданылмайды.

7-тарау. Ұлттық валютадағы портфельді басқару параметрлері мен талаптары

26. Репо операциялары ең төменгі кредиттік рейтингі «BB-»-тен төмен емес, сондай-ақ қатысудың клирингтік сертификаттары бар мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылады.

27. Ұлттық валютадағы портфель қаражаты Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің депозиттеріне (салымдарына) 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге орналастырылады.

28. Ұлттық валютадағы портфельдегі ақша қалдығының мөлшері ұлттық валютадағы портфель активтері құнының 3 (үш) пайызынан аспайды. Осы лимиттен 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге асып кетуге жол беріледі.

8-тарау. Шетел валютасындағы портфельді басқару параметрлері мен талаптары

1-параграф. Жалпы ережелер

29. Шетел валютасындағы портфель мынадай қосалқы портфельдерден тұрады:

- 1) өтімділіктің қосалқы портфелі;
- 2) дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелі;
- 3) корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі;
- 4) дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелі;
- 5) акциялардың қосалқы портфелі;
- 6) алтынның қосалқы портфелі.

Әрбір қосалқы портфельде уақытша бос ақша есепке алынады.

30. Шетел валютасындағы портфель құрылымында транзиттік қосалқы портфель құруға жол беріледі.

Транзиттік қосалқы портфель – бұрын басқа қосалқы портфельдерге сатып алынған активтерден қалыптастырылатын, кейіннен осы активтер бойынша төлемдерді толық көлемде жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін жағдайлар (табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдай және өзге де жағдайлар) салдарынан Инвестициялық декларация параметрлеріне сәйкессіздік туындаған уақытша портфель.

Активтерді транзиттік қосалқы портфельге аудару және транзиттік

қосалқы портфельден аудару Тәуекелдер жөніндегі комитеттің ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

Транзиттік қосалқы портфельді қаржы құралдарын сатып алу арқылы толықтыруға тыйым салынады.

Үстеме кіріс алу транзиттік қосалқы портфельді басқарудың мақсаты емес.

31. Инвестициялық декларацияның 29-тармағында көрсетілген қосалқы портфельдер үлестерінің нысаналы мәндері мен шекті ауытқулары Инвестициялық декларацияға 2-қосымшада қосалқы портфельдер бойынша шетел валютасындағы портфельді стратегиялық нысаналы бөлуде айқындалған. Инвестициялық декларацияның 29-тармағында көрсетілген қосалқы портфельдер үлестерінің нысаналы мәндерінен тактикалық ауытқулар Инвестициялық декларацияға 2-қосымшада айқындалған шекті ауытқулар шеңберінде Комитеттің шешімімен айқындалады. Инвестициялық декларацияның 29-тармағында көрсетілген қосалқы портфельдер үлестерінің нақты мәндері шекті ауытқулардан асып кеткен жағдайда шекті ауытқулардың бұзылуы ол пайда болған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жойылады.

32. Инвестициялық декларацияның 29-тармағында көрсетілген әрбір қосалқы портфельдің кірістілігі тиісті қосалқы портфельдің шоттарында бос ақшаның болуын есепке алады.

33. Инвестициялық декларацияның 29-тармағында көрсетілген шетел валютасындағы портфельдің және оның қосалқы портфельдерінің кірістілігін бағалау үшін АҚШ доллары пайдаланылады.

34. Эталондық портфельдерге қарсы басқарылатын қосалқы портфельдерді активтермен толықтыру кезінде транзиттік кезең 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды. Бұл активтер транзиттік кезең аяқталғаннан кейін тиісті қосалқы портфельдің кірістілігін есептеуге енгізіледі.

35. Шетел валютасындағы портфельге ақшаны толықтыру және (немесе) алып қою өтімділік қосалқы портфелі арқылы жүзеге асырылады.

36. Кері репо операциялары шетелдік қаржы нарықтарында нарықтық құны тиісінше операцияны жүзеге асыру сәтіндегі мәміле сомасының 100 (бір жүз) пайызынан және 102 (бір жүз екі) пайызынан төмен емес, бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік және (немесе) корпоративтік бағалы қағаздармен жүзеге асырылады.

36-1. Ақшаның қалдығын инвестициялау AAАm - Standard & Poor's немесе Aaa - Moody's рейтингі бар ақша нарығының қорларына немесе AAАm - Standard & Poor's немесе Aaa - Moody's рейтингі бар қорларға қойылатын барлық талапты орындайтын ақша нарығының қорларына жүзеге асырылады.

36-2. Ақша нарығының қорларына инвестициялау мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) ақша нарығы қоры активтерінің көлемі 3 000 000 000 (үш миллиард) АҚШ долларынан кем емес;

2) ақша нарығы қорының қолданылу мерзімі кемінде 5 (бес) жыл;
 3) ақша нарығының қорларына инвестициялауға рұқсат етілген құралдардың ең төменгі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтері Standard & Poor's агенттігінің шкаласы бойынша тиісінше «А-» және «А-1»-ден немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағаларынан төмен емес;

4) ақша нарығы қоры активтерінің кемінде 90 (тоқсан) пайызы:

4.1) АҚШ Үкіметі шығарған АҚШ ақша нарығының құралдарына, сондай-ақ олармен репо операцияларына АҚШ долларымен номинирленген инвестициялар үшін;

4.2) Standard & Poor's агенттігінің шкаласы бойынша кемінде «А-» ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Еуроаймақ құрамына кіретін елдердің үкіметтері шығарған немесе кепілдік берген ақша нарығының құралдарына, сондай-ақ олармен репо операцияларына еуромен номинирленген инвестициялар үшін инвестицияланады.

37. Ақша нарығында теріс мөлшерлемесі бар валюталар бойынша позицияларды қоспағанда, шетел валютасындағы портфельдегі ақша қалдығының мөлшері шетел валютасындағы портфель мөлшерінің 5 (бес) пайызынан аспайды. Осы лимиттен 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге асып кетуге жол беріледі.

2-параграф. Өтімділіктің қосалқы портфелін басқару параметрлері

38. Өтімділіктің қосалқы портфелі қаржы құралдарынан, оның ішінде басқа қосалқы портфельдерге аударылғанға дейінгі ақшадан тұрады.

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы активтері есебінен сатып алынған және басқа қосалқы портфельдердің параметрлеріне сәйкес келмейтін шетел валютасындағы қаржы құралдары өтімділіктің қосалқы портфелінде олар сатылған немесе өтелгенге дейін көрсетіледі.

Үстеме кіріс алу өтімділіктің қосалқы портфелінің активтерін басқарудың мақсаты емес.

39. Өтімділіктің қосалқы портфелінің активтері шетел валюталарына, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тен төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) борыштық міндеттемелеріне, өтеу мерзімі сатып алу сәтінен бастап бір жылдан аспайтын Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингі немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар дамыған елдердің ақша нарығы құралдарына инвестицияланады.

40. Комитеттің және (немесе) Басқарманың зейнетақы активтерін

инвестициялау туралы тиісті шешімі болған жағдайда, өтімділіктің қосалқы портфелінің активтерін Инвестициялық декларацияда рұқсат етілген басқа да бағалы қағаздарға және шетел валютасындағы құралдарға инвестициялауға жол беріледі.

41. Өтімділіктің қосалқы портфелінің активтері контрәріптестердегі депозиттерге (салымдарға) 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге орналастырылады.

3-параграф. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелінің параметрлері

42. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелі шетел валютасындағы портфельдің кірістілігін қамтамасыз етуге арналған және шетел валютасындағы портфельдің тәуекел (құбылмалылық) деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

43. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелін басқару тиімділігінің бағасы күнтізбелік бір жыл кезеңінде оның эталондық портфель кірістілігінен үстеме кірістілігі болып табылады.

44. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелі үшін эталондық портфель ICE BofAML 1-10 year US Treasury Index (G502) индексі болып табылады.

45. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелінің дюрациясы эталондық портфельдің дюрациясынан +30/-40 (плюс отыздан минус қырыққа дейін) пайыз шегінде болуға тиіс.

46. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі бағалы қағаздардың ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі – Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «AA-» немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы.

47. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі құралдардың кластары бойынша үлестер мен ауытқулар лимиті Инвестициялық декларацияға 3-қосымшада айқындалған.

48. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелі кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуы өзгергіштігінің күтілетін мәні (ex-ante tracking error) 2 (екі) пайыздан аспайды.

49. Қосалқы портфель параметрлерінің осы параграфта көзделген параметрлерге сәйкес келмеген жағдайда аталған сәйкессіздік бұзушылық туындаған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жойылады.

4-параграф. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелінің параметрлері

50. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі орта мерзімді болашақта шетел валютасындағы портфельдің сақталуын қамтамасыз етуге және

кірістілігін ұлғайтуға арналған.

51. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелін басқару тиімділігінің бағасы күнтізбелік бір жыл кезеңінде оның эталондық портфель кірістілігінен үстеме кірістілігі болып табылады.

52. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфель парниктік газдар шығарындылары жоғары компаниялар, көмір өндіруші компаниялар және темекі өнімдерін өндірушілер шығаратын бағалы қағаздарды алып тастайтын ICE BofAML Q980 Custom Index индексі болып табылады.

53. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелінің дюрациясы эталондық портфельдің дюрациясынан +30/-40 (плюс отыздан минус қырыққа дейін) пайыз шегінде болуға тиіс.

54. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліндегі бағалы қағаздардың ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі – Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-» немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы.

55. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліндегі бағалы қағаздардың айналыс мерзімі 31 (отыз бір) жылдан аспауға тиіс.

56. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліндегі құралдардың кластары бойынша үлестер мен ауытқулар лимиті Инвестициялық декларацияға 4-қосымшада айқындалған.

57. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуы өзгергіштігінің күтілетін мәні (ex-ante tracking error) 3 (үш) пайыздан аспайды.

58. Сыртқы басқарудағы корпоративтік облигациялардың қосалқы портфеліндегі активтердің үлесі корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелінен кемінде 30 (отыз) пайызын құрайды.

59. Қосалқы портфель параметрлерінің осы параграфта көзделген параметрлерге сәйкес келмеген жағдайда аталған сәйкессіздік бұзушылық туындаған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жойылады.

5-параграф. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелінің параметрлері

60. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелі орта мерзімді болашақта шетел валютасындағы портфельдің кірістілігін ұлғайтуға арналған.

61. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелін басқару тиімділігінің бағасы күнтізбелік бір жыл кезеңінде оның эталондық портфель кірістілігінен үстеме кірістілігі болып табылады.

62. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелі үшін эталондық портфель ICE BofAML Q979 Custom Index индексі болып табылады.

63. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелінің дюрациясы

эталондық портфельдің дюрациясынан +30/-40 (плюс отыздан минус қырыққа дейін) пайыз шегінде болуға тиіс.

64. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі бағалы қағаздардың ең төменгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі – Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-» немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы.

65. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі бағалы қағаздардың айналыс мерзімі 31 (отыз бір) жылдан аспаға тиіс.

66. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі құралдардың кластары бойынша үлестер мен ауытқулар лимиті Инвестициялық декларацияға 5-қосымшада айқындалған.

67. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелі кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуы өзгергіштігінің күтілетін мәні (ex-ante tracking error) 3 (үш) пайыздан аспайды.

68. Сыртқы басқарудағы дамушы елдердің облигацияларының қосалқы портфеліндегі активтердің үлесі дамушы елдердің қосалқы портфелінен кемінде 10 (он) пайызын құрайды.

69. Қосалқы портфель параметрлерінің осы параграфта көзделген параметрлерге сәйкес келмеген жағдайда аталған сәйкессіздік бұзушылық туындаған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жойылады.

6-параграф. Акциялардың қосалқы портфелінің параметрлері

70. Акциялардың қосалқы портфелі ұзақ мерзімді болашақта шетел валютасындағы портфель құнының өсімін қамтамасыз етуге арналған.

71. Акциялардың қосалқы портфелін басқару тиімділігінің бағасы күнтізбелік бір жыл кезеңінде оның эталондық портфель кірістілігінен үстеме кірістілігі болып табылады.

72. Активтерді активті және жетілдірілген индекстік басқару шеңберінде акциялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфель – MSCI Inc. компаниясы жасайтын, әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын MSCI World Index индексі.

Мынадай ыңғайластырылған индекстер активтерді пассивті басқару шеңберінде акциялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфельдер болып табылады:

Активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінен 100 (бір жүз) пайызға дейінгі үлесі бар MSCI World Index;

Активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінен 10 (он) пайызға дейінгі үлесі бар MSCI World Minimum Volatility Index;

Активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінен 20 (жиырма) пайызға дейінгі үлесі бар MSCI World Quality Index;

Активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінен 20 (жиырма) пайызға дейінгі үлесі бар MSCI World ESG Leaders Index.

73. Акциялардың қосалқы портфеліндегі құралдардың кластары бойынша үлестер мен ауытқулар лимиті Инвестициялық декларацияға 6-қосымшада айқындалған.

74. Активтерді активті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінің үлесі акциялардың қосалқы портфелінен кемінде 50 (елу) пайызын құрайды.

75. Сыртқы басқарудағы акциялардың қосалқы портфеліндегі активтердің үлесі акциялардың қосалқы портфелінен кемінде 50 (елу) пайызын құрайды.

76. Акциялардың қосалқы портфелі кірістілігінің эталондық портфель кірістілігінен ауытқуы өзгергіштігінің күтілетін мәні (ex-ante tracking error) 5 (бес) пайыздан аспайды.

77. Қосалқы портфель параметрлерінің осы параграфта көзделген параметрлерге сәйкес келмеген жағдайда аталған сәйкессіздік бұзушылық туындаған сәттен бастап бір айдан аспайтын мерзімде жойылады.

7-параграф. Алтынның қосалқы портфелінің параметрлері

78. Алтынның қосалқы портфелі ұзақ мерзімді болашақта шетел валютасындағы портфельдің сақталуын және құнсызданудан қорғалуын қамтамасыз ету үшін арналған. Үстеме кірістілік алу алтынның қосалқы портфелін басқару мақсаты болып табылмайды.

79. Алтынның қосалқы портфелі:

1) Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығында (филиалында) (бұдан әрі – Орталық) сақталатын құймалар түріндегі ішкі алтыннан;

2) Қазақстан Республикасынан тысқары орналасқан сыртқы алтыннан (аллокирленген және аллокирленбеген) тұрады.

80. Алтынды ішкі нарықта оны Орталықтың шотына есепке алумен сатып алу кезінде аталған алтын ішкі алтынның позициясына жатады, ал Қазақстан Республикасынан тысқары ашылған шоттарға есепке жазылған кезде сыртқы алтынның позициясына жатады.

81. Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бойынша «ААА» төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі және 10 (он) жылдан аспайтын өтеу мерзімі бар алтынның бағасына байланысты бағалы қағаздарға сыртқы алтынның көлемінен 25 (жиырма бес) пайызға дейін инвестициялауға рұқсат етіледі.

82. Алтынмен депозиттің (салымның) ең ұзақ мерзімі бір жылдан аспайды.

9-тарау. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер

83. Туынды қаржы құралдарымен мәмілелер инвестициялау немесе тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында жүзеге асырылады.

84. Хеджирлеу мақсатындағы туынды қаржы құралдарымен мәмілелер қосалқы портфель құрамын тиісті эталон портфелінің құрамына жақындату үшін жүзеге асырылатын мәмілелер болып танылады. Туынды қаржы құралдарымен барлық өзге мәмілелер инвестициялау мақсатында жүзеге асырылатын мәмілелер болып табылады.

85. Инвестициялық декларацияның 10-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шешімдерді қоспағанда, инвестициялау мақсатында туынды қаржы құралдарымен мәмілелер Комитеттің шешімі бойынша жасалады.

86. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында туынды қаржы құралдарымен мәмілелерін жасау төмендегі жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының қаржы ұйымы болып табылатын мәміле бойынша контрәріптестің рейтингі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B-»-тен немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейінен төмен болмауы тиіс;

2) шетелдік қаржы ұйымы болып табылатын мәміле бойынша контрәріптестің рейтингі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB»-дан немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейінен төмен болмауға тиіс.

87. Инвестициялау мақсатында жүзеге асырылатын туынды қаржы құралдарымен мәмілелер қолдануға болатын жағдайларда Stop loss және (немесе) Take Profit ордерлерін (бұйрықтарын) қолдана отырып жасалады.

87-1. Инвестициялау мақсатында туынды қаржы құралдарымен дербес басқару шеңберінде жүзеге асырылатын әрбір мәмілеге шығын шегінің лимиті тиісті қосалқы портфель құнының 0,1%-ынан аспайды.

88. Зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының жекелеген түрлері және олар бойынша лимиттер Инвестициялық декларацияға 1-қосымшаның 2-кестесінде айқындалған.

10-тарау. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін басқарудың жалпы стратегиясы

89. Зейнетақы активтері ұлттық валютада номинирленген қаржы құралдарының портфелінен тұрады.

90. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына қойылатын талаптар және олар бойынша лимиттер Инвестициялық декларацияға 7-қосымшада айқындалған.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы

құралдарына қойылатын талаптар және олар бойынша лимиттер Басқарманың тиісті шешімдері қабылданған зейнетақы активтерін инвестициялауға қолданылмайды.

91. Жекелеген активтердің кірістілігі зейнетақы активтерін басқару тиімділігінің көрсеткіші болып табылмайды.

Тәуекелдерді азайту және күтілетін кірістілікті жақсарту үшін иелік ету кезеңінде теріс кірістілігі бар зейнетақы активтерін сатуға рұқсат етіледі.

Инвестициялар олардың толық кірістілігі бойынша, яғни кірістің барлық құрауышы: сыйақы, бағаның өзгеруі, валюталық қайта бағалау және басқа да құрауыштар сомасы бойынша бағаланады.

92. Зейнетақы активтері қаржы құралдарымен мынадай операцияларды жүргізу арқылы инвестицияланады:

1) зейнетақы активтерінің 20 (жиырма) пайызынан аспайтын мөлшерде бағалы қағаздармен репо операциялары;

2) «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша бағалы қағаздарды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар;

3) депозиттерді орналастыру операциялары.

93. Репо операциялары ең төменгі кредиттік рейтингі Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, сондай-ақ қатысудың клирингтік сертификаттары бар мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес бағалы қағаздармен ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырылады.

94. Портфельдегі ақша қалдығының мөлшері портфель активтері құнының 3 (үш) пайызынан аспайды. Осы лимиттен 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге асып кетуге жол беріледі.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
1-қосымша

1-кесте. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына қойылатын талаптар және олар бойынша лимиттер

P/c №	Қаржы құралдарының түрлері және оларға қойылатын талаптар		Лимиттер (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен пайызбен)
1	Қазақстандық қаржы құралдары:		
1.1	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		20%-дан кем емес 70%-дан аспайды
1.1.1	Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		5%-дан аспайды
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері		5%-дан аспайды
1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары		25%-дан аспайды
1.4	Бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B»-ден төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде:		30%-дан аспайды
1)	реттелген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар		30%-дан аспайды
2)	үлестік бағалы қағаздар		5%-дан аспайды
3)	депозиттер		15%-дан аспайды
1.5	Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және екінші деңгейдегі банктерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда, бағалы қағаздың және/немесе эмитенттің рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «B»-		20%-дан аспайды

	тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		
1.5.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен және/немесе кепілімен шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар		5%-дан аспайды
1.6	Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және екінші деңгейдегі банктерінің үлестік бағалы қағаздарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің «Премиум» санатына кіретін немесе инвестициялау кезінде оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар		5%-дан аспайды
1.7	Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары		10%-дан аспайды
1.8	Бағалы қағаздың және/немесе эмитенттің рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (Mortgage Backed Security) және активтер (Asset Backed Security) кепілге берілген бағалы қағаздар		5%-дан аспайды
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналысқа түсетін құралдар:		50%-дан аспайды
2.1	Бағалы қағаздың және/немесе эмитенттің рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар мемлекеттік, агенттік және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары		30%-дан аспайды
2.2	Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарына инвестициялау шеңберінде муниципалдық бағалы қағаздар		10%-дан аспайды
2.3	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар		20%-дан аспайды

2.4	Бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтер (ABS) кепілге берілген бағалы қағаздар		10%-дан аспайды
2.5	Бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау шеңберінде айырбасталатын бағалы қағаздар		10%-дан аспайды
2.6	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар		20%-дан аспайды
2.7	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «A-»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар контрәріптестермен депозиттер (салымдар)		20%-дан аспайды
2.8	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер		5%-дан аспайды
2.9	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар исламдық қаржыландыру құралдары		2%-дан аспайды

2-кесте. Зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының жекелеген түрлері және олар бойынша лимиттер

Р/с №	Қаржы құралдарының түрлері	Лимиттер (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен пайызбен)
1	Туынды қаржы құралдары, оның ішінде:	10%-дан аспайды
1.1	Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	10%-дан аспайды

1.2	Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары	10%-дан аспайды
1.3	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	10%-дан аспайды

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
2-қосымша

Қосалқы портфельдер бойынша шетел валютасындағы портфельді
стратегиялық нысаналы бөлу

Қосалқы портфельдер	Қосалқы портфельдегі нарықтық құны	
	Нысаналы мәні	Шекті ауытқуы
Өтімділіктің қосалқы портфелі	0%	+10%
Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелі	25%	±10%
Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі	20%	±10%
Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелі	25%	±10%
Акциялардың қосалқы портфелі	30%	±10%
Алтынның қосалқы портфелі	0%	+10%

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
3-қосымша

Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі құралдар
сыныптары бойынша үлестер мен ауытқулар лимиттері

Активтер түрі	Қосалқы портфельдегі нарықтық құны	
	Минимум	Максимум
Мерзімі алты айдан аспайтын бос ақша қаражаты мен ақша нарығының құралдары және ақша нарығының қорлары	0%	10%
Эталондық портфельге кіретін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) борыштық бағалы қағаздары	70%	100%
Эталондық портфельге кірмейтін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) және агенттік борыштық бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	0%	30%
Туынды қаржы құралдары (tracking error бойынша шектеумен реттеледі)	0%	30%

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
4-қосымша

Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфельіндегі құралдар
сыныптары бойынша үлестер мен ауытқулар лимиттері

Активтер түрі	Қосалқы портфельдегі нарықтық құны	
	Минимум	Максимум
Мерзімі алты айдан аспайтын бос ақша қаражаты мен ақша нарығының құралдары және ақша нарығының қорлары	0%	10%
Эталондық портфельге енгізілген корпоративтік облигациялар	70%	100%
Эталондық портфельге енгізілмеген корпоративтік облигациялар	0%	15%
Эталондық портфельге кіретін елдердің мемлекеттік облигациялары, агенттік борыштық облигациялары, халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық міндеттемелері	0%	15%
Депозиттер	0%	15%
Туынды қаржы құралдары (tracking error бойынша шектеумен реттеледі)	0%	20%

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
5-қосымша

Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфеліндегі құралдар
сыныптары бойынша үлестер және ауытқулар лимиттері

Активтер түрі	Қосалқы портфельдегі нарықтық құны	
	Минимум	Максимум
Мерзімі алты айдан аспайтын бос ақша қаражаты мен ақша нарығының құралдары және ақша нарығының қорлары	0%	10%
Эталондық портфельге кіретін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз) және квазимемлекеттік борыштық бағалы қағаздары	70%	100%
Эталондық портфельге кірмейтін елдердің мемлекеттік (тәуелсіз), квазимемлекеттік және агенттік борыштық бағалы қағаздары	0%	30%
Депозиттер	0%	20%
Туынды қаржы құралдары (tracking error бойынша шектеумен реттеледі)	0%	20%

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
6-қосымша

Акциялардың қосалқы портфельіндегі құралдар
сыныптары бойынша үлестер және ауытқулар лимиттері

Активтер түрі	Қосалқы портфельдегі нарықтық құны	
	Минимум	Максимум
Мерзімі алты айдан аспайтын бос ақша қаражаты мен ақша нарығының құралдары және ақша нарығының қорлары	0%	10%
Эталондық портфельге енгізілген акциялар	90%	100%
Эталондық портфельге енгізілмеген акциялар	0%	10%
Туынды қаржы құралдары (tracking error бойынша шектеумен реттеледі)	0%	10%

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы
қорының инвестициялық
декларациясына
7-қосымша

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына қойылатын талаптар және олар бойынша лимиттер

Р/с №	Қаржы құралдарының түрлері және оларға қойылатын талаптар	Лимиттер (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен пайызбен)
1	Қазақстандық қаржы құралдары:	Шектеусіз
1.1	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	Шектеусіз
1.2	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері	10%-дан аспайды

1.3	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары	40%-дан аспайды
2	Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналыстағы құралдар:	15%-дан аспайды
2.1	Бағалы қағаздың және/немесе эмитенттің рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының борыштық бағалы қағаздары	15%-дан аспайды
2.2.	Бағалы қағаздың және (немесе) эмитенттің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	5%-дан аспайды